Для гидрирования использовалось подсолнечное масло. В качестве катализатора были использованы низкопроцентный (0,2% Pt) платиновый катализатор КазНУ им. аль-Фараби. Испытания проводили в периодическом режиме. Количество загружаемого катализатора – 3,5 г. Давление водорода – 0,5 МПа, температура процесса гидрирования – 90-110 °С.

Результаты проведенных исследований приведены в таблицах 1 и 2 и на рисунках 1-4 в виде хроматограмм, использованных для определения жирнокислотного состава исходного и гидрированного масла.



# Майдангер ғалымның еңбектері – мәңгілік мұра

**Қазақстан философия ғылымының патриархы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, философия ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Рахматуллинге биыл 100 жыл толды.**

ол – «Төбедегі жұлдызды аспан және ішіміздегі моральдық заң» (И.Кант). Жұлдызды аспанның ұлылығы мен адам болмысының құпиясы туралы ойлар Қ.Рахматуллиннің философия және ғылым әдіснамасы туралы еңбектерінде көрініс тапты. Ол «Ғаламды жылу өлімі күтіп тұрма?», «Эйнштейн әлемінде», «Ғаламдағы өмір», «Адам және ғарыш» және т.б. шығармалары арқылы қазақстандық философия ғылымының негізін қалады. Өз еңбектерінде онтология, ғылыми-техникалық және компьютерлік революция мәселелерін, астрономиялық танымдағы диалектикалық-материалистік әдіснаманың рөлін қарастырды және қазіргі астрономия мен космонавтика деректерінен туындайтын философиялық тұ-



жырымдар келтіреді. Ол астрономияның философиялық және әдіснамалық мәселелерін зерттеді. Осылайша космологияны

ғана емес, астрофизика, космогония, ғаламдағы өмір мәселелерін де қамтыды. Әлемде дамудың басым бағыты жоқ, ғарыштық материяның дамуы өлі емес, бірақ мәңгілік және шексіз процесс екенін жеткізді.

Қасым Халиуллаұлының астрономия және космонавтика бойынша еңбектері шетелдік ғалымдарға да белгілі. Олар NASA америкалық аэронавтика агенттігінің астрономия және космонавтика мәселелері жөніндегі библиографиясына енгізілген. Ол XX ғасыр философиясындағы жаңа бағыттың – Қазақстандағы ғылым тарихы және философиясының бастауында тұрды. Астрономияға деген құштарлық Қасым Рахматуллинді ұлы астроном Николай Коперник оқыған Польшадағы

Торун университетінде дәріс оқуға шақырылған профессор ретінде алып келді.

Ғалым-энциклопедист, ірі әдіскер және ғылым тарихшысы Қ.Рахматуллиннің есімі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының алтын қорына кіреді. Қ.Рахматуллин – жеңісті Прагада қарсы алған майдангер батыр. Ғалым-энциклопедист ерлігімен және теңдессіз тұжырымдамаларымен жас ұрпаққа үлгі болып қала бермек. Университет ғылымы мен білімінің дамуына қосқан үлесі үшін ғалымның есімі университет мұражайында мәңгі сақталады.

**Әсет ҚҰРАНБЕК,**  
Философия кафедрасының меңгерушісі,  
философия ғылымының докторы,  
қауымдастырылған профессор

**Сәния ЕДІЛБАЕВА,**  
философия ғылымының докторы,  
қауымдастырылған профессор

## Қалдықсыз болашаққа қадам бастайық

**Әлемдегі күрделі экологиялық жағдай бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Қазіргі таңда Жер шарындағы халық саны – 7,5 миллиард. Осы адам баласының шаруашылықтағы кез келген әрекетінің нәтижесінде шыққан әртүрлі қалдықтар биосфераны ластап отыр. Бұл тұрғындардың денсаулығы мен өміріне қатер төндіріп, флора мен фауна түрлерінің азаюына, қоршаған ортадағы тепе-теңдіктің бұзылуына әсер етуде.**



қыс проблемасын шешу жолдарына баса назар аударылды. Жалпы, қоқысты қайта өңдеудің негізгі үш әдісі бар: механика-биологиялық, термиялық және компостау. Бірінші әдіс механикалық сұрыптау, кептіру және тығыздаудан; ал термиялық әдіс негізінен қағаз-полимерлі компоненттерді жағу, органикалық бөлігін химиялық синтез газға айналдыруға мүмкіндік беретін қалдықтарды газдандырудан тұрады. Компостинг әдісі – органикалық заттарды микроорганизмдермен ыдыратуға негізделген өзара залалсыздандыру әдісі, нәтижесінде компост (қарашірікке ұқсас өнім) алынады. Осы тұста ең қарапайым, бірақ ең тиімді әдіс – бұл сұрыптау. Осы және басқа да әдістерді талдау арқылы студенттерді жалпы қоқыстарды қайта өңдеу механизмдерімен таныстырып, оларды қалдықсыз болашаққа бір қадам жақындаттық деп сенеміз.

Студенттерді ынталандыру мақсатында Kahoot қосымшасында викторина өткізіліп, оның қорытындысы бойынша топ-сту-

денттер эко-шоппер түріндегі «экологиялық» сыйлықтармен марапатталды. Жастарды экологияға баулу мақсатында TikTok желісін пайдалана отырып, студенттер қоқыс проблемасына арналған бейнероликтер түсірді. Мұндай әдісті пайдалану себебіміз – жастар көп пайдаланатын әлеуметтік желілерді қолдана отырып, студенттерді қоршаған ортаны қорғауға жақындата түсу.

Қоқысты жерге тастау – бұл қазіргі қоғамдағы тұрмыстық мәдениет деңгейінің сипаттамасы. Алайда қоқыс жәшігі де проблеманың шешімі емес, бірден-бір дұрыс жол – қайта өңдеу. Планетамыз шексіз емес, осыны ескере отырып қоқыс мәселесіне бүгіннен бастап назар аударуымыз қажет, өйткені планетамыздың болашағы – әрқайсымыздың қолымызда.

**Диана АХМЕТЖАНОВА,**  
**Индира ДАНИЯРҚЫЗЫ,**

Турақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының 1-курс магистранттары

## Ербол Шаймерденов атындағы шәкіртақы табысталды



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде қоғам қайраткері, көрнекті рәмізтанушы, Қазақстандағы баспасөз қызметінің негізін қалаушылардың бірі, жазушы-публицист Ербол Шаймерденовтың шығармашылығына арналған дәстүрлі «Шаймерденов оқулары» аясында ғылыми-әдістемелік конференция өтті.**

Шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Е.Шаймерденовтің жұбайы Күләш Қайыржанқызы, ҚазҰУ-дың проректоры м.а. Қанатбек Мұқанов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тележурналист Қайнар Олжай, филология ғылымының докторы, профессор, жазушы

Кәкен Қамзин, еліміздің белгілі жазушылары мен ақындары, қоғам қайраткерлері, танымал ғалымдар, БАҚ өкілдері, оқытушылар мен студенттер қатысты. Конференция жұмысын модератор ретінде журналистика факультетінің деканы Сансызбай Мәдиев ашып, алғы сөзді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаевқа берді.

«Ербол Шаймерденов ағамызбен қызметтес болдық. Мінезі жайдары, биязы еді, жастарға кеңес айтып, демеп жүретін. Жоғарғы Кеңесте баспасөз хатшысы қызметін атқарып, еліміздің тәуелсіздігіне еңбек сіңірген қайраткер болатын. Президент әкімшілігінде, ҚР Парламентінде, Мәдениет және ақпарат министрлігінде жауапты қызметтер атқарып, өзінің жауапкершілігі, мәдениеттілігі, біліктілігі және білімділігімен көзге түскен дара тұлға еді», – деп өз ойымен бөліскен Арман Қырықбаев конференция қатысушыла-

рына арналған Алматы қаласы әкімінің арнайы хатын оқып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

«Әлемдік және отандық PR: маман даярлаудың қоғамдық маңызы және қажеттілігі» атты ғылыми-әдістемелік конференция аясында өткен «Шаймерденов оқулары» барысында Е. Шаймерденовтің әріптестері мен замандастары, курстастары айтулы тұлғаның ел мәдениетіне, БАҚ дамуына, тіл саласына сіңірген еңбектері жайында баяндап, естеліктерімен бөлісті.

«Шаймерденов оқулары» конференциясының соңында қаламгердің жары Күләш Қайыржанқызы журналистика факультетінің студенттері мен жас ғалымдары арасында жүргізілген шығармашылық байқаудың қорытындылары бойынша үздік 14 студентке Е.Шаймерденов атындағы шәкіртақыны табыстады.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**



# Военная кафедра готовит настоящих патриотов



История военной кафедры НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» неразрывно связана с историей университета. С созданием в далеком 1934 году общеобразовательных факультетов КазГУ, создается и кафедра военно-спортивной подготовки, целью которой являлось обучение студенческой молодежи военному делу и развитию спортивно-массовой работы. Первым заведующим кафедры военно-спортивной подготовки был Данилов А.Н.

К началу Великой Отечественной войны КазГУ в целом сложился как ведущий ВУЗ республики. Значительно окрепла и расширилась материальная база, пополнились преподавательские кадры. Особое значение приобрели военная подготовка и патриотическое воспитание на примерах героического прошлого народов нашей страны. С началом Великой Отечественной войны 287 преподавателей, сотрудников и студентов университета ушли на фронт. По ускоренному графику, велась подготовка охотников-разведчиков, радистов-операторов, мотоциклистов, специалистов по рукопашному бою, горных стрелков, гранатометчиков, самбистов, стрелков, пулеметчиков, лыжников и связистов.

Характеризуя работу военной кафедры университета в годы Великой Отечественной войны, надо отметить огромную работу ректора университета Лукьянца И.К., преподавателей, которые напряженным трудом, выполняя оборонные задания способст-

вовали быстрому переходу на обучение по сокращенной программе. Руководителями военной кафедры в военные годы были: подполковник Голландцев Р.С. (1941-1943 годы), полковник Вестфаль И.И. (1943-1944 годы), генерал-майор Мишнин К.А. (1944-1946 годы). В послевоенный период происходит расширение военной кафедры, преподавательский состав пополнился офицерами, имевшими боевой опыт, участвовавшими в Великой Отечественной войне. Вся политико-воспитательная работа и военная подготовка кафедры строилась на боевом опыте Красной Армии, на героических подвигах в войне с фашистской Германией.

В сложное время становления независимости молодого государства Республики Казахстан,

создания и строительства собственных Вооруженных Сил, военная кафедра КазНУ внесла определенный вклад в дело укрепления обороноспособности страны. В настоящее время на военной кафедре студенты обучаются по 16 военно-учетным специальностям. За годы независимости Республики Казахстан подготовлено более 15000 офицеров и сержантов запаса. 30-летие образования ВС РК коллектив военной кафедры встречает напряженной работой по совершенствованию качества учебы, внедрением в учебный процесс новых инновационных технологий.

Военно-патриотическое воспитание является неотъемлемой частью становления молодого поколения граждан Казахстана. Основным объектом военно-

патриотического воспитания являются студенты, обучающиеся на военной кафедре. С этой целью, на военной кафедре создан Центр военно-патриотического воспитания. В организации и проведении воспитательной и военно-патриотической работе сделан акцент на тесную связь с ветеранскими и общественными организациями, использованием бесценного опыта ветеранов Вооруженных Сил, преподавателей нашей кафедры и активному привлечению к проведению мероприятий студентов обучающихся на военной кафедре.

На регулярной основе организуется и проводятся Уроки мужества и чествования ветеранов Вооруженных Сил, ветеранов войск ПВО Сухопутных войск, ветеранов войны в Афганистане, а также благотворительные акции студентов в Доме престарелых. Стало доброй традицией, ежегодно, 1 июня – всемирный День защиты детей, коллективом военной кафедры совместно с профсоюзом «Парасат» проводить «Праздник детства» для детей сотрудников университета. В этот праздник, для детей организуется выставка учебно-боевой техники и вооружения, показательные выступления студентов военной кафедры, различные конкурсы и выступления аниматоров. В период пандемии, при обучении в онлайн формате, в рамках военно-патриотического воспитания студентов дис-

танционно проводились Уроки мужества, тематические беседы, викторины, отснято более 30 информационных и тематических материалов.

Необходимо отметить, что ежегодно, в преддверии двух знаменательных праздников – Дня защитника Отечества и Дня Великой Победы, военная кафедра и Музей университета совместно проводят творческий конкурс «Наследники батыров!» На конкурсе, студенты представляют творческие номера, презентации, читают стихи патриотической направленности. В целях повышения имиджа Вооруженных Сил Республики Казахстан в год 30-летия создания казахстанской армии военной кафедрой с февраля по май 2022 года проведена патриотическая акция «Наследники героев».

Новые подходы обозначенные Президентом – Верховным Главнокомандующим Вооруженных Сил Республики Казахстан в построении «Нового Казахстана», в военном строительстве и будущей конфигурации Вооруженных Сил нашей страны, требуют внедрения новых подходов в системе всего образовательного процесса, подготовке высококвалифицированных специалистов – настоящих патриотов своей Родины!

**Олег АЖИМОВ,**  
полковник, начальник  
военной кафедры КазНУ

## Открылась именная аудитория Халык қаһарманы

На днях в ознаменование 30-летия Вооруженных Сил Республики Казахстан и Дня Защитника Отечества на военной кафедре НАО «Казахский национальный университет имени Аль-Фараби» открыта именная аудитория Героя Советского Союза, Халык қаһарманы, первого Министра обороны Республики Казахстан генерала армии Сагадата Кожамбетовича Нурмагамбетова.



идеологической работы в сухопутных войсках».

В ходе посещения аудитории студенты ознакомились с героической биографией народного героя генерала армии С.Нурмагамбетова, просмотрели документальный биографический фильм и ознакомились с книжной выставкой.

Неоценим вклад пер-

вого Министра обороны независимого Казахстана в дело строительства и становления казахстанской армии. И до настоящего времени народный герой Сагадат Нурмагамбетов является ярким примером патриотизма и любви к Родине!

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

## Министр обороны поощрил наших военных

В ознаменование 30-летия Вооруженных Сил Республики Казахстан и Дня Защитника Отечества, Министром обороны Республики Казахстан генерал-лейтенантом Русланом Жаксылыковым вручена почетная грамота начальнику военной кафедры НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» полковнику запаса Олегу Ажимову.



Руководитель Министерства обороны Республики Казахстан отметил значитель-

ный вклад военной кафедры крупнейшего ВУЗа страны – НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» в дело подготовки офицеров запаса для казахстанской армии. Отмечен личный вклад полковни-

ка запаса Ажимова О.В. в организацию и проведение военно-патриотической работы среди студенческой молодежи.

Поздравляем начальника военной кафедры!



## Масс-медиа

Масс-медиа және бұқаралық коммуникация саласының қолданыс аясы күн өткен сайын қанатын кеңге жайып келеді. Сондықтан да осы саладағы орныққан тіркестер мен күнделікті қолданыстағы терминдер және әр кезеңге сай ана тілімізге өзге тілдерден еніп, тұрақтап жатқан сөздер де белгілі бір лексикографиялық және лингвистикалық заңдылықтарға бағынады. Себебі қазіргі таңда кез келген салада БАҚ-тың араласпайтын не қолданылмайтын саласы жоқ. Осыған орай, бүгінгі ақпарат ғасырында ауызекі және тілдік қолданыс аясын түрлі лексикалық топтар мен терминологиялық бірліктер нәтижесінде еселей толықтырып отырғанда сан миллиардтаған аудиториямен қарым-қатынастағы масс-медиа және коммуникация тілінің маңызы арта түсуі де заңдылық.



Масс-медиа және коммуникация қызметі әлем халықтарының күнделікті бір-бірімен тілдесулері және өзара түсінісулеріне негіз қалай отырып, Қазақ елінің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және өзге де салалардағы тамаша табыстары мен жетістіктерін миллиондаған аудиторияға паш етуде. Масс-медиа – көп ақпараттар тарату құрылымы, ұйымдастырылған техникалық кешен. Кез келген мәліметті ғаламтор, теледидар, газет-журналдар арқылы оқып, көріп, естіп-біліп жатамыз. Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – арнайы техникалық құралдардың көмегімен кез келген тұлғаға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. БАҚ-тың білімдік қызметі азаматтарға әртүрлі ғылым саласынан – қоғамдық-гуманитарлықтан жаратылыстану ғылымдарына дейінгі танымдық хабарларды дайындап, таратуынан көрініс табады. Әрине, ол толыққанды, жүйелі, арнайы оқу орындарында берілетін ғылымды қамтамасыз ете алмайды. Дегенмен де қазіргі қоғамда адам өз өмірінің әр кезеңінде білімнің басым көпшілігін осы БАҚ арқылы алады.

БАҚ-тың атқаратын қызметі әртүрлі, сарапшылардың пікірінше, олардың аса маңыздыларына мыналар жатады: ақпараттық, білімдік, әлеуметтендірушілік, мүдделерді тоғыстырушы, саясат субъектілерінің ықпалдасуы, жұмылдыру. Бір сөзбен айтқанда, БАҚ дегеніміз – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Ал оған қоса, жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. Наполеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», – деген.

Біз бүгін баршамыздың өмірімізді де, жұмысымызды да, күнделікті қарым-қатынасымызды да түбегейлі өзгертетін алапат индустриялық революцияның бастауында тұрмыз. Бұл төртінші революция ауқымы, қарымы мен

күрделілігі революция жағынан осы уақытқа дейінгі адамзат тарихындағы құбылыстардың барлығынан асып түседі. Жасанды интеллектінің, роботандырудың, робот-автомобильдердің, 3D басып шығарудың, нанотехнологияның, биотехнологияның дамуымен және тағы да басқа толып жатқан ғажайыптардың пайда болуымен барлық салада қарыштап көкке өрлейтін, таңғаларлық технологиялық дүмпуге күә болмақпыз. Бүкіләлемдік экономикалық Давос форумының негізін қалаушы және тұрақты президенті Клаус Шваб осындай алапат өзгерістердің әлеуетін алдын ала болжап, терең байыптап, оны адамзат игілігіне жарату жолдарын қарастыратын еңбек жазған. Демек, бұл кітап адамзаттың ортақ болашағы үшін алаңдайтын және революциялық технологияларды қоғам тіршілігіне икемдеуге ниетті жасампаз ортаға арналған.

БАҚ еркіндігі адам бостандығының маңызды алғышарты болып және қоғам мен мемлекеттегі жоғарғы құндылық екені даусыз. Себебі бұқаралық ақпарат еркіндігінсіз, яғни сөз еркіндігінсіз азаматтық қоғамды елестету мүмкін емес. Демек, тәуелсіз қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен оның демократия үшін маңыздылығын зерттеп, ескеруіміз тиіс. Тіл қашанда ұлттық идеяның басты құрамдасы және мемлекеттік идеологияның негізі болды. Оның үлгілерін қазіргі заманғы тарихтан көптеп келтіруге болады. Алпауыт ақпарат ғасырының легі күн сайын қарыштап дамуда. Әлемде ешкім тоқтата алмайтын екі нәрсе бар. Оның бірі уақыт болса, екіншісі – ақпарат.

Шындығына келгенде, адам ақпаратсыз өмір сүре алмайды. Қай ғасырды алып қарасақ та, адамдар қандай құралмен болсын ақпарат алмасқан. Жаңа медиа – жаһандандудың үлгісі ғана емес, жаңалық берудің жаңа жарышысы.

**Сәуле ТҮРСЫНҚАЛИ,**  
журналистика  
факультетінің  
2-курс студенті

Машиналық оқыту (ML) тек педагогикада ғана емес, өмірдің барлық салаларында ең қызықты және серпінді технологиялардың біріне айналды. Білім беру жүйесінің болашағын болжау үшін машиналық оқыту құралдарын енгізу қазіргі заман талаптарымен байланысты. Google, Apple, Microsoft, Amazon және т.б. сияқты ірі компаниялар осы оқу саласындағы әдістер мен қолданбаларды өзірлеуге қомақты қаржы салып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, күн сайын өмірдің ажырамас бөлігіне айналуда.

## Студент үлгерімін болжайтын бағдарлама

Студенттердің мінез-құлқын талдайтын қосымша тест нәтижелері бойынша аяқталмаған тақырыптарды қайталауды ұсынатын тьютор және білімді бағалауға арналған аналитик бағдарламалар сөзімізге дәлел. Бұл бағдарламалардың көпшілігі машиналық оқыту алгоритмдері арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған жұмыстардың бір сарыны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Информатика кафедрасында жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстың мақсаты – жоғары оқу орнындағы мәліметтер негізінде машиналық оқыту әдістерін қолдана оты-



рып, студенттер үлгерімін болжау.

Бұл жұмыста логистикалық регрессия, кездейсоқ орман,

SVM сияқты машиналық оқыту алгоритмдері жүзеге асырылды. Сонымен қатар әрбір белгінің үлесі Борута алгоритмімен бағаланды. Біз пайдаланған деректер жинағы студенттер, олардың үлгерімі мен өткен жылдардағы мінез-құлқы туралы жеке деректерді қамтиды.

Нәтижесінде деректер жиынының маңызды мүмкін-

діктері анықталды. Яғни деректер жинағынан аздаған маңызды мүмкіндіктері алынып, қалған бөлігі ұсынылған машиналық оқыту алгоритмдерінің жұмысына әсер етті. Келесі семестрдегі студенттердің бағалары 91% дәлдікпен болжанды. Алынған нәтижелер оқу үдерісін жақсартудың тиімді факторларын анықтауға мүмкіндік береді деген сенімдеміз.

**Базарбай АРАСАТ,**  
ақпараттық  
технологиялар  
факультетінің  
1-курс  
магистранты

## «Шетелде білім алуды армандайтынмын»



**Бәсекеге қабілетті білім ордаларының ішінен ҚазҰУ-ды таңдап, шетелден келген студенттердің қарасы көп. Олардың дені сапалы білім алып, білімімен өз мемлекеттерінде бөлісуді армандайды. Бүгінгі кейіпкеріміз – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің 3-курс студенті Оғабек Нұрметов. Ол Түрікменстан мемлекетінің азаматы. Дащоғуз облысының №39 орта мектебін 2016 жылы тамамдаған.**

– Мектептен түлеп үшқан соң, жаңа дүниеге қадам басуды, әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орнында білім алуды алдыма мақсат етіп қойдым. Шетелде білім алуды бала күнімнен армандайтынмын. Химия пәні менің қызығушылығымды оятты. Осы саланы терең зерттеп-біліп, білім жисам деп ойлаушы едім. Арманым орындалып, 2019 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түстім.

Бұл күн мен үшін ең бақытты күндерің бірі болды. «Неге Қазақстанды, оның ішінде не себепті ҚазҰУ-ды таңдадың?» деп сұрасаңыз, оқу ордасын таңдауда көп зерттеу жүргіздім. ҚазҰУ-да оқуға ең алдымен маған тұрткі болғаны – кәсіби мамандар мен тәжірибелі, білікті ұстаздар қауымы. Мен білім алып жатқан факультет құрамында ғылыми-технологиялық көпсалалы кластерлер моделі бойынша

жұмыс атқаратын алты кафедра, үш ғылыми-зерттеу институты бар. Бұл таңдауымның дұрыс болғанына бүгінде көзім жетіп отыр, – дей келе, Оғабек қазақтың туыстас, түркітөктес, қонақжай халық екеніне тоқталды. Қазақ халқының ешбір ұлтқа ұқсамайтын ерекше салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар екенін тілге тиек етіп, әр дәстүрдің астарында халықты тәрбиелейтін үлкен мән-мағына жатқанына назар аударды.

– Ал әсем Алматы кез келген жанды елең еткізери анық. Шыңы көк тіреген Алатауға қарап еңсең тіктеліп, бойың сергіп, көңілің көтеріледі. Алматыда көптеген шетелдік студенттермен білім, тәжірибе алмасу арқылы достастым. Біз, студенттер, талай мәрте әсем табиғат аясында серуен құрдық. Қаланың тарихи аймақтарын, музейлері мен туризм орындарында болдық. Алматының табиғаты тың идеялар мен креативті ойлардың тууына септігін тигізери анық. Мұндай қалада оқудың өзі бір ғанибет. Ал шаһардың төрінен орын алған ҚазҰУ-дың орны мүлдем бөлек. Студенттің жанына қажет барлық қажеттілік табылады. Студенттердің қарым-қабілеті, білімі артуына септігін тигізіп жатқан факультеттегі барша ұстаздарыма, университет басшылығына алғысым зор. Мен келешекте ҚазҰУ-дан алған біліміммен еліме оралған соң, ұстаз ретінде бөлісуді жоспарлап отырмын, – деп сөзін қорытындылады шетелдік азамат.

**Нұрбек  
НҮРЖАНҰЛЫ**



# Орталық Азия университеттері бір мақсатқа жұмылды



ҚазҰУ-да өткен ректорлар форумының негізгі басымдығы – жоғары оқу орындары арасында көпжақты байланыстарды дамыту. Ұйымдастырылған шара Орталық Азия жоғары оқу орындары арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтерілуіне септігін тигізді. Сондай-ақ қатысушылар білім саласының өзекті мәселелерін қызу талқыға салды. Бұл халықаралық аренада еліміздің оң имиджін ілгерілетуге және әлемдік деңгейде ұлттық мүддені қолдауға қосымша мүмкіндік береді.

Фотоларды түсірген  
Марат ЖҮНІСБЕКОВ



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ  
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
Фотоші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.